

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

Сағатбек Медеубекұлы. Мен Жәкемді сағындым...

(Әнші Жәнібек Кәрменов туралы естелік)

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде өмір сүрген қазақтың ғажайып, қайталанбас өнер шеберлерінің бірі - әнші Жәнібек Кәрменов болатын. Алла Тағала бойына берген дарын-қуаты, қабілеттілік күші оны қазақ ән өнерінің биігіне шығарды.

Ол - талғампаз әнші еді. Әрбір әнді әуездік-әуендік ерекшеліктеріне, мазмұндық тереңіне бойлап, тақырыбын, идеясын тауып, тамырын танып, әр буын, әр тіркес, әр сөздің, әр дыбыстың атқаратын қызметін түгел біліп, мәтінінде айтылатын ойдың тұтас салмағын сезініп барып, оны санасына сіңіргеннен кейін ғана жұртқа жеткізуге болар деп шешетін. Түйсігіне қонбаған, санасына сіңбеген, жүрегіне жатпаған әнді елдің алдына шығаруға асықпайтын. Сөздің мағынасын, мәнін, маңызын түсініп, түйсініп айтатын әнші еді.

Жазушылығы өз алдына, шешен сөзгер де еді. Топ алдына шығып сөйлеп кеткенде аузынан ағытыла төгілген сұлу сөздер мағыналы, мәнді көзқарастардың қорытындысы іспетті құлаққа құйылып, жүрекке байыздап жататын. Сахнаның төріне көтерілгенде ерекше бір құбылып, жанарынан от шашып, қызыл шырайлы жүзі балбырап, айырықша нұрланып кетуші еді. Ән тарихын асқан ыждахаттылықпен дәйектеп, майын тамыза, сөлін сапыра жеткізетін. Ән авторлары жөнінде де мағлұматы мол болатын. XV-XVIII, XIX, XX ғасырлардың бас кезіндегі қазақ музыка тарихындағы тұлғаларды толығымен біледі десем, мен жаңылмаймын. Зерттелмей, айтылмай жатқан әнші-композиторларды жарыққа шығаруда Жәнібектің еңбегі орасан. Ол "Қазақ әндерінің анталогиясы" деген екі томды жинақты құрастырушы болды. Сол кезде талай әндер қайта тірілген. Сәдіқожаның, Қапездің, Құлтуманың, Кененнің айтылмай жүрген әндері, басқа да халық әндері өзінің төл болмысымен халықтың игілігіне жарады. Қазір ол екі томды дүкен сөрелерінен көрмейсіз. Одан кейін қазақ әндерінің ондай толық жинағы шықты ма, шықпады ма, білмеймін.

Жәкең он саусағынан саумал сарын сорғалаған домбырашы еді. Домбыраны шертіп қалғанда, оның дыбысы шанақтан емес, Жәкеңнің кеудесінен ақтарылып жататындай сезілетін, артық қимыл жасамайтын. Жәнібек әңгімешіл еді. Өмірдегі жәй ғана бір оқиғаны айтатын кезде де шешен, шешіле сөйлеуші еді. Ұлттық ән өнеріне қатысты дәріс-концерт өткізген кездерінде сан мәрте көзім көріп, көңілім сеніп, жан рахатына бөленіп, ұлттық рухтың мәйегіне тояттағанмын.. Ол әнді шырқамас бұрын әуелі оның шығу тарихына тоқталып, сол тарихтың басы-қасында өзі жүріп, көзімен көріп, қолымен ұстап отырғандай көркем тілмен мейілінше шынайы сипаттап, шұрайлы сөзбен мың құбылта суреттеп, бабына жеткізіп, нәшіне келтіре баяндап бергенде құлағыңның құрышы қанатын. Мен Жәнібек Кәрменовпен танысқан күндерімді, әңгімелескен, сөйлескен

сәттерімді есімнен шығара алмаймын.

1989-90 жылдары бірге жүріп, Алматы облысы Кеген ауданының әр ауылын аралап, лекция-концерт өткіздік. Концертті Жәкең өзі жүргізетін, ал мен - қасындағы атқосшымын. Кейде ғана, аз тыныстап алу үшін маған домбыраны ұстатып, бір-екі ән айтқызып қояды. Өзі сахнаның сыртына шығып кетіп, насыбайын атып келетін.

Жәнібектің әншілік қуатын танытқан, республикаға түгел танымал еткен М.Әуезов атындағы халық университетінің жұма сайын өтетін сабақтарында Ақселеу Сейдімбекпен бірге жүргізген концертті болды. Бұл, кейін қазақ телевидениясында қайта жазылып, жұртқа жайылды. Сол кезде Жарасқан Әбдірашев жақсы, әдемі әзіл айтты: "Жәнібек ән салады, Ақселеу тамсанады" деген сөздері елдің аузында әлі жүр...

Халық сол әзілді ғана емес, әзілді айтқан Жарасқанын да, айтқызыған Ақселеудей ақылманын да, Жәнібектей жампозын да аңсап жүр... Жәнібек ұстазына адал болды. Ж.Елебековтың қасында жүріп оның бүкіл әндерін бойына сіңіріп алған, соны қайта жаңғыртқан, түлеткен. Шәкірттің ұстазына деген дәл осындай адалдығы әркімнің қолынан келе бермейді. Айтса да, Жәнібек Кәрменов өзінің де ақындық, сазгерлік қабілеті бар екендігін танытты ғой. "Ағалар" деген әнінің сөзі Несіпбек Айтовтікі дейді немесе "Ойламандар, жігіттер" деген керемет әндер алғаш шыққанда, біреулер Жәнібек Кәрменовтікі емес, Ақтамбердінікі деген. Кейіннен Жәнібектің төл шығармасы екендігін жұрт мойындады. Өзі әзілдейтін: "Алғаш Ақтамбердінікі деп шыққаны жақсы болды, Жәнібектікі десе жұрт мойындамас еді" - деп күлетін. Қайран Жәкең, жампоз Жәкең, жайсаң Жәкең бар-жоғы қырықтан асқан шағында ән қанатында қалықтаған күйі мәңгілікке канат қакты да, оралмады.

Соңында Жәнібек "Ақылбайдың әні", "Ғашықтың тілі" деген кітаптарды, повестерді қалдырды. Қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарды. Жалпы ол аз ғана ғұмыр кешсе де, өзінің азаматтық, перзенттік парызын өтеп кеткен, халқының алдында қарызы жоқ адам. Керісінше, халқы оған қарыз болып қалды. Жәнібектің бүткіл болмысын қайта жаңғыртып, жұртқа қайта тірілту мәселесі бүгін күн тәртібінде тұр. Жәнібектің қазақ ән өнерінің ХХ ғасырда Жүсіпбек Елебековтерден кейін қайта жаңғыруына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ол еңбегі кейінгілер тарапынан өтеусіз болмас деп ойлаймын. Ол - ғажап талғампаз, сыншыл ұстаз еді. Күреңбай сыншы аттың сынына келгенде алдына жан салмайтын көреген болса, ән өнеріне келгенде Жәнібектің де дәл сондай сыншылдығын айтатын мезгіл жеткен секілді. Өнерге адалдығы сондай, егер шын дарын, нағыз талант болмаса оны тегіне, жеріне, қанына немесе бет-әлпетіне, түр-тұрпатына, туған-туысқанына қарап қабылдамайтын. Текті жылқы, текті құс кез-келген нәрсеге талғампаз, кірпияз болады. Жәнібек те сондай талғампаз, кірпияз болатын. Жүрдім-бардым, олпы-солпы нәрсені жек көретін. Алланың өзі ерекше жаратқан, сом алтындай құйып қойған дарындарды көрсе, жаны қалмай соған қуана қамқор болушы еді. Рамазан, Ғалымжан, Ербол, Аманжол деген төрт баланы маған қуана-қуана таныстырған да осы Жәкең болатын. Студияға сәлем беруге бара

қалсам: "Ой, айналайын! Сағатжан, жақсы келдің. Мен сені бір ғажап талантты шәкірттеріммен таныстырамын. Мынау көптен бері мұндай үлкен толқын легімен келгенін мен білмеуші едім, сенің ауылыңнан бір үлкен толқын келді ол - күйші Аманжол, ол - Рамазан, Ербол, Ғалымжан деп таныстырды. Қазір енді оның ұлттық саз өнерінің нағыз сыншысы екендігін өмірдің өзі дәлелдеді. Бірақ амал не, Аманжол деген ғажап күйші жігітті бір сотқарлар ұрып өлтіріп кетті. Ғалымжан марқұм ән іздеп Шыршыққа барып еді, алдынан ажал күтіп тұр екен...

Ал енді Жәнібек Кәрменовтың, Қайрат Байбосыновтың ән өнерін мына заманға сай қайта жаңғыртып жүрген Рамазанның қазіргі еңбегі ұстаз аманатына адалдықтың белгісі. Өмірі ұзақ болсын. Жәнібектің ұстаздық, сыншылдық талғампаздық таразысынан шыққан әнші ғой...

Жәкең жарықтық қалжыңбас еді. Бала секілді сенгіш еді. Бірақ, кіммен қалай сөйлесу керек екенін білетін еді. Ол тегінде бар нәрсе ғой. Тегінде болғаннан кейін, өзі "тұлпарды тұлпар ғана таниды" дегендей, дарынды дарын ғана бағалайды. Жәнібек кез-келген саланың дарынды адамдарымен адами тұрғыда жақын жүруші еді.

1990 жылы 9-қаңтарда Шаһкәрім деген ұлы дүниеге келгенде перзентханадан бірге барып алып шыққан едік. Ол кезде мен "Өнер" баспасында редактор едім, Әлібек Асқаров ағамыз: "Сағатжан, айналайын, сүйінші! Жәнібек ағанның үйінде дүниеге бір ұл келді, мәшинені ал да, қазір барып шығарып алыңдар" - деді. Бардық. Сейфуллин көшесінің бойындағы перзентханадан шыққан Жәнібектің қолтығында нәресте, шіркін-ай, сол кезде шыққан үнін-ай! Сондағы мейірім, сондағы тебіренісін-ай, толғанысын-ай! Кеудесі күмбірлеп келеді. Жүзінен шашылған шуаққа қасында тұрған менің басым айналғандай. "Күнім-күнім, жаным-жаным" - дейді қолтығындағы кішкентай ғана нәрестені бүлкілдетіп. "Айым, нұрым, шуағым, шапағым," - дейді езіле, емірене... "Алла-ай, Алла-ай... Тәубә... Тәубә... Тіфә... Тіфә... Шүкір... Шүкір..." дейді толқып. Машинаға мінгеннен үйге жеткенше күбірлеп келді. Шіркін, сондағы Жәкеңнің дәл солай қуанғанын, қуаныштан мүлдем қанаттанғанын көрсе ғой бүкіл адам... Әшейінде жұрт алдындағы сырбаз, менмен, такаппар, кірпияз мінездің бірі де жоқ, тұсауы енді кесілгенге мәз болып аяғын тапыл-тапыл басып, құлдалаңдаған жас бала кейпіне еніп кеткен...

Ол кезде ғұлама Шәкәрім дүниеге қайта келген кезі еді, Баланың аты соның құрметіне қойылды. Шаһкәрім қазір Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің студенті. Талантты, тәрбиелі бала болып өсіп келе жатыр.

Айтса да, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы қару алып күрескен, әскер шығарып соғысқан, өзі батыр, өзі ақын, әнші Шалтабай Алпарұлының өлеңін, әнін екеуміз бірге тыңдау бақытына ие болғанбыз.. Ол 1989 жылдың күз айы болатын. Алматы облысы, Кеген ауданында термеші, жыршы, жыраулар байқауы өтті. Сонда ол қазылар алқасының төрағасы. Мүшелер сапында жазушы Қуаныш Жиенбаев, сыншы Әлия Бөпежанова, тағы да бір екі адам. Байқау бітті. Ол кісінің жоспарында лекция-концерт бар

екен. "Сағатжан, сен менімен жүр, қасымда қал" - деді. "Бастығыма телефон соғып, айтыңыз" - дедім. Сонда мен редактор болып қызмет ететін "Өнер" баспасының Бас редакторы - Әлібек Асқаров еді. Жәкең айтты, мен қалдым. Ауыл-ауылды аралап лекция-концерт қойып жүріп, кезегінде Жылысайға келдік. Жыршы-термешілердің байқауынан жүлделі орынға ие болған Тілектес Намазбаев ол кезде ел ағасының жасындағы адам. Сол кісінің үйінде болдық. Жәкеңнің ән шырқауынан кейін Тілектестің орындауында бірнеше терме, жыр және бұрын естімеген Шалтабайдың әнін тыңдадық. Сөзі керемет:

Менің атым - Шалтабай, әкем - Алпар,
Өтіп кетті Тазабек қайран сұңқар.

Сары қымызбен ауызымды шайқаушы едім,
Бір қасық қара суға болдым іңкәр.

Пендеде де пенде болдым,

Биялайсыз жеңге қондым.

Жас күнімде көл де болдым,

Көлге мас боп делбе болдым.

А-а-а-й! Қазаққа аты шыққан қыран едім

Қайрылып қанатымнан жерге қондым...

- Сағатжан, қаламыңды ал да, жаз... мынау бір ғажап ән екен, ертең кеш болады, - деді. Мен сөзін жазып алдым. Ол әнді кейін үлкен ағайым Тоқанмен бірге арнайы барып үйреніп келіп Рамазанға, Тілеулеске үйреттім. Қазір екеуінің арқасында "Шалтабайдың әні" деген атпен республикаға жайылды. "Кемпірбай мен Әсеттің қоштасуы" мен "Ақтамбердінің толғауы" дегенді Жәнібекке дейін кім айтқанын мен білмеймін, бірақ осы екі мұраны Жәнібек ерекше бір биіктікке көтеріп жаңғыртты. Әуез, мақамын Ақтамбердінің, болмаса, ауырып жатқан Кемпірбайдың аузынан кім диктафонға жазып алды дейсің. Кім сол сәтте нотаға түсіріп сақтады дейсің, мағынасы терең өлең мен толғауға өлмес өмір сыйлау үшін Жәнібек өз жанынан да көп нәрсе қосып, қайта түлетті-ау деп ойлаймын кейде. Жәкеңнің шәкірті Бекболат Тілеухан, мысалы, XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулардың мұраларына халықта бар мелодияларды қосып қайта жаңғыртты ғой. Онысы - ұстазы Жәнібектен көргені.

Жарылғапбердінің, Құлтуманың, Кененнің, Ақанның, Біржанның, Ғайнидың, Қалқаның, Естайдың, Жаяу Мұсаның жалпы XIX ғ. әнші-

композиторларының әндерін қайта қарап, қайта сүзгіден өткізіп, өз заманының тыңдаушы талғамына сәйкестендіріп, дәстүрлі тамырын бұзбай жаңғыртқанды дұрыс жолға қоюды жандүниесімен жалғаған да Жәкең еді. Әншілік Алла Тағала беретін қабілет қой. Бірақ, Жәнібектің әншілігімен қатар азаматтық-патриоттық, ұлтшылдық рухы жоғары еді... Алла берген көмеймен айта беру өз алдына, ұлттың болашағын ойлап еңбек ету, соның баянды болуына күресу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тегінде шын дарын таланттар сондай болу керек қой. Алла берген дауысын ғана сақтап, сонымен нан тауып жүргендер қаншама... Әнге ұлттың ұлы мұрасы деп қарап, соны шашау шығармай, сом алтын күйінше кейінгі ұрпаққа жеткізу

үшін күресу, бүгінгі заманның көшінен қалмай, ұлттың болашағын көксеп барып еңбек ету, соның арқасында еңсені тіктеп жұрттың алдында жүру мүлдем бөлек нәрсе. Жәкеңнің қашанда қазақ ұлтының алдында еңсесі тік болатын.

Күрескер әнші еді ғой Жәкең... "Ой, кейінгі композиторлардың әндері тұсалған ат секілді кібіртіктейтін болды" - деп жаны күйзеле қынжылатын. "Өнерге арымен келмейді, ұятымен бармайды қазіргілер" - деп қиналатын. Бірде дәрісіне бара қалсам, шәкірттеріне айтып отыр екен: "Өнерге таза жүрекпен келмесе, болмайды, таза жүрек, ыстық ықылас, шын дарынымен келмесе, өнердің де, өзінің де бағын байлайды. Өнер биігіне тамыр-таныстықпен, жора-жолдастық, байлық-мансаппен шыға алмайсың. Өкінішке қарай, қазақтың сорына өнерді туысқаншылдықпен, рушылдықпен бағалайтындар, қалтамен қадірлейтіндер көбейді. Халтуршиктер осындайдан шығады, Өнерде қашанда халтураның, жолбикелердің жолы болады ылғи, таза таланттың жолын қияды солар", - деп ренжіп отыр екен.

Меніңше, Жәнібек ылғи да дайындалып жүретін, әркіммен кездескенде, сөйлескенде де арнайы үлкен репетиция - дайындықтан кейін сөйлеп тұрғандай болушы еді маған. Дауыс ырғағын құбылта толқындатып отыратын. Бір деңгейде, бір қалыпта, бір тонда сөйлемеуші еді. Ол өзін бар болмысымен халқына арнап кеткен, айналасында "Мынау - Жәнібек пе" деп сынай қарап тұрған адам барын бір сәтке есінен шығармаған, озық мәдениетті тұлғаның қайталанбас үлгісі еді...

Алаштың ардақтысы, қайран Ақаң-Ақселеу ағамыздың: "Жәкең ән саңлағы ғана емес, сонымен қатар үлгі эталлоны да еді ..." - дегені - айдай ақиқат...

Мен Жәкемді сағындым...

«Түркістан» газеті